

Целиноград аудандық мәслихатының 2012 жылғы 3 мамырдағы № 37/5-5 "

Целиноград ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 70/9-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 желтоқсанда № 3550 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 98/14-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 29.03.2013 № 98/14-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. «Целиноград ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 3 мамырдағы № 37/5-5 Целиноград аудандық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-17-175 болып тіркелген, 2012 жылғы 1 маусымда аудандық «Призыв», «Ұран» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Целиноград ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің:

1 тармақ келесі мазмұндағы азат жолымен толықтырылсын:

«жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.»;

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«2. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы і-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен к ө р с е т і л е д і .

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге шығуы мүмкін шығындар үлесінің шегі отбасының жиынтық табысының 7 пайыз м ө л ш е р і н д е б е л г і л е н е д і . » ;

3 тармақ келесі мазмұндағы азат жолдарымен толықтырылсын:

«Пешпен жылытылатын жеке меншік үйде тұратындарға тұрғын үй көмегі жылына бір рет көрсетіледі, осының өзінде отынның нормасы бір рет есептеледі.

Отын шығынына айына 1 шаршы метрге 49,75 килограмм мөлшерінде есепке алынады, алайда отбасына жылына бес тонна көмірден аспауы керек.

Көмірдің құнын есептеу үшін статистикалық деректерге сәйкес алдыңғы тоқсан бойынша қалыптасқан орташа бағасы есепке алынады.»;

9 тармақ келесі мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде

тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.».

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Ц е л и н о г р а д</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
	<i>м ә с л и х а т ы</i>	<i>с е с с и я с ы н ы ң</i>
<i>төрағасы</i>	<i>А.Бутакова</i>	
	<i>Ц е л и н о г р а д</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Р.Түлкібаев</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Целиноград ауданының әкімі</i>	<i>А.Үйсімбаев</i>	